

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы" 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 292 Жарлығына түсіндірме**

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің түсіндірмесі

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде, Мемлекет басшысы 2012 жылғы 8 сәуірде «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы» Ж а р л ы қ қ а қ о л қ о й д ы .

Біздің елімізде бақылаудың көп деңгейлі жүйесін оның барлық кезеңінде көздейтін көлемді іс-шара бірінші рет өткізілуде.

Кезектен тыс аттестаттаудың мақсаты бизнес пен қоғамның қолдауына жауап беретін қазіргі заманғы құқық қорғау жүйесін құруға арналған кадрлық әлеуетті қ а л ы п т а с т ы р у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Міндеттері – құзыретті емес, өздерінің беделін түсірген лауазымды тұлғалардан тазарта отырып, сонымен бірге адал және кәсіби қызметкерлерді іріктеудің тиімді тетіктерін құру; құқық қорғау органдарының кадр саясатын сапалы түрде өзгерту және оған халықтың сенімін арттыру болып табылады.

Жарлықпен Жоғары аттестаттау комиссиясы туралы ереже, оның құрамы, Кезектен тыс аттестаттауды өткізу қағидасы және тиісті іс-шаралардың жоспары бекітілді.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне кезектен тыс аттестаттауды өткізу кезінде аттестатталатынның қызметіне, оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақтауына баға берілетін болады. Аттестатталатын қызметкердің адами бет-бейнесін айқындайтын оның кәсіби және жеке бас ерекшеліктерін бағалауға ерекше н а з а р а у д а р ы л а д ы .

Осы жұмысты өткізу үшін Жоғары аттестаттау комиссиясы, орталық және өңірлік аттестаттау комиссиялары құрылды.

А т т е с т а т т а у :  
аттестаттауға жататын қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және логикалық ойлау қабілетін компьютерлік тестілеуді; тиісті құқық қорғау органы қызметінің ерекшелігін ескере отырып, дене шынықтыру, әскери және қызметтік даярлық бойынша белгіленген нормативтерді тапсыруды, сондай-ақ психологпен әңгімелесуден өтуді; қызметкермен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жоғары

аттестаттау комиссиясы, не тиісті аттестаттау комиссиясы өткізетін әңгімелесуді;  
тиісті аттестаттау комиссиясының шешім шығаруын қамтиды.  
Кезектен тыс аттестаттау үстіміздегі жылғы 1 желтоқсанда аяқталатын болады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Әкімшілігінің*

*Құқық қорғау жүйесі бөлімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК